

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІК  
ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША**

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ**

**ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ КОМПЬЮТЕРНОГО И ИНТЕРАКТИВНОГО  
ОБОРУДОВАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Астана  
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

Оқыту үдерісінде компьютерлік және интерактивтік құрылғыларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 34 б.

Методические рекомендации по использованию компьютерного и интерактивного оборудования в общеобразовательной школе. Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 33 с.

Осы ұсынымдарда жалпы білім беретін мектептегі оқыту үдерісінде компьютерлік және интерактивтік құрылғыларды қолданудың ерекшеліктері сипатталған, оқыту үдерісінде дербес және портативтік компьютерлерді және интерактивтік құрылғыларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептегі білім беру үдерісінің қатысушыларына арналған.

В данных рекомендациях описаны особенности использования компьютерного и интерактивного оборудования в учебном процессе общеобразовательной школы, даны методические рекомендации по использованию персональных, портативных компьютеров и интерактивного оборудования в учебном процессе.

Методические рекомендации адресованы участникам образовательного процесса общеобразовательных школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2015  
© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2015

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1 Жалпы білім беретін мектептердің оқыту үдерісінде компьютерлік және интерактивтік құрылғыларды қолданудың ерекшеліктері	6
2 Оқыту үдерісінде дербес және портативтік компьютерлерді қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар	12
3 Оқыту үдерісінде интерактивтік құрылғыларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар	20
Қорытынды	30
Глоссарий	31
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	32
Қосымша	33

## КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамның ақпараттандыру үдерістері және олармен байланысты білім беру жүйесіндегі ақпараттандыру үдерістерінің барлық түрлері оқу үдерісінде компьютерлік және интерактивтік жабдықтарды жаппай қолданумен сипатталады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген және 2011 жылдан бастап республиканың білім беру ұйымдарына енгізілген қазақстандық электрондық оқыту жүйесінің мақсаты - сапалы білім беру қорларын дамыту, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (әрі қарай – АКТ) қолдану негізінде осы білім беру ресурстарына тең дәрежеде қолжетімділікті қамтамасыз ету болады.

Электрондық оқыту жүйесін жүзеге асырудың техникалық құралдары ретінде интерактивті тақталар мен мультимедиалық проекторлар, мультимедиалық лингафон кабинеттері (МЛК) және интерактивтік пәндік кабинеттер, электрондық оқу залы және үй дербес компьютерлері болып табылады.

2011 жылдан бастап пилоттық білім беру ұйымдарының әдістемелік кабинеттеріне дербес компьютерлер (бұдан әрі - ДК), компьютерлік сыныптар мен кітапханаға ДК, мұғалімдердің жұмыс орындарына арналған ДК, ноутбуктер, планшеттер, classmate, интерактивтік проекторлар, интерактивтік тақталар, көпфункционалды құрылғылар/принтерлер, мобильдік сыныптар орнатылды.

Мектептердегі Интернетке қолжетімділіктің болуы аса маңызды көрсеткіш болып табылады. Интернет қашықтықта оқытудың міндеттерін тиімді етіп шешуге, білім беру субъекттердің географиялық орналасуына тәуелсіз сапалы білімге жетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Интернетке деген қолжетімділік сапасын анықтайтын желіге қосылу тәсілдері (ADSL, Dial-up, SAT, 3G (мобильдік) немесе сымсыз (Wi-Fi, WI-MAX) және байланыс каналдары сияқты көрсеткіштер аса маңызды болып табылады.

Республикадағы электрондық оқыту жүйесін енгізу үдерісінде педагог кадрларға жаңа ақпараттық ресурстар мен технологиялар ұсынылып отыр. Электрондық оқыту жүйесі педагог мамандардың «өмір бойы білім алу» қағидасының қолжетімділігін арттырумен қатар ауыл мен қала мектептеріндегі педагогтардың білім деңгейлерін теңестіру үшін өздігінен кәсіби шығармашылық траекториясын дамытуына мүмкіндік туғызып, әлемдік кеңістікке шығуына жол ашады, сыныптан тыс көптеген онлайн-ресурстар арқылы үздіксіз білім беруге мүмкіндік береді.

Ақпараттық ортадағы мұғалімнің рөлі өзгерді – ол енді ақпараттық ағынның үйлестірушісі, сондықтан, ол қазіргі әдістерді және оқу үдерісінде компьютерлік және интерактивтік жабдықтардың қолдану технологияларын меңгеруі тиіс.

Электрондық оқыту жүйесінің келесі тиімділік критерийлері анықталған:

- жүйе платформасы ретінде адекваттық бағдарламалық қамтылуы бар білім беру ұйымдарының электрондық инфрақұрылым сапасы;
- сандық білім беру контентінің сапасы;
- электрондық оқыту жүйесінің мүмкіндіктерін қолдануға дайын тұрған педагогтердің сапасы.

Берілген әдістемелік ұсынымдарда жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісінде компьютерлік және интерактивті жабдықтарды қолданудың ерекшеліктері сипатталған, оқу үдерісінде дербес, портативтік компьютерлерді және интерактивті жабдықтарды қолдану бойынша нұсқаулар берілген. Ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігіне, мұғалімдер мен білім беру үдерісінің басқа да қатысушыларына арналған.

# **1 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІК ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Білім беру саласында оқытудың техникалық құралдарын (әрі қарай –ОТҚ) қолдану мәселесі көп жылдар бойында талқыланып келеді және шешімін табуда. Мектеп оқушылары көрнекі-бейнелі ойлау қабілетеріне ие болатыны белгілі, сондықтан мұғалім берген білім оқушыларға сөз, формулалар, жазбалар, әңгіме, диалог түрінде ғана емес, көрнекі бейнелер, бейнероликтер, кестелер, суреттер түрінде де жеткізіледі. Әрине, ақпаратты ұсынудың бұл түрлері мектепке ақпараттық технологияларды (бұдан әрі – АТ) енгізуге дейін де қолданылды. Мысалы, бұрын оқу кинофильмдерін кеңінен пайдаланған болатын. Кең қолданыстағы ОТҚ: кодоскоп, кинопроектор, эпидиаскоп, теледидар, бейнемагнитофон, диапроектор, фильмоскоп және т.б. Дегенмен, компьютер ОТҚ ішіндегі әмбебап құрал болып саналады, себебі ол жоғарыда аталған құралдардың барлығына тән ерекшеліктердің жиынтығы болып табылады және олардан көптеген артықшылығы бар екені анық [1-5].

Мұғалім өз ақпаратын мөлшерлеп беруі мүмкін, тек қабылдаудың кез-келген режимінде қосуды, көзбен шолу, дыбыс шығару және ақпараттың баспа көздерін редакциялауды басқара білсе болғаны.

Бұның барлығы, яғни, оқушылардың сабаққа деген ынталарын арттырады. Психологтар қазіргі ақпараттық қоғамдағы балаларды экрандық динамикалық ақпараттың балалары деп атайды. Монитор, проектор немесе теледидар пердесіндегі ақпаратты олар баспа-кітап ақпаратына қарағанда әлдеқайда жақсы қабылдайды. Әрине, қазіргі балалар кітапты аз оқитыны шындық, сондықтан сабаққа дайындық барысында осы факторды ескеру керек.

Бейнепроектормен, дыбыстық картамен, дыбыспен жасақталған компьютер сабақты жанды, әрі қызықты етеді. Сапалы жаңа деңгейде оқытудың көрнекілік ұстанымы жүзеге асырылады.

Оқитын оқиғалар мен құбылыстарды анимация, видеобейне, дыбыс анағұрлым көрнекі ете түседі, осылайша оқушы үшін оқыту үдерісі жайлы және қол жетімді болады.

Сабақта ақпараттық АКТ-ны қолдану мұғалімнің жұмыс уақытын ұтымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, яғни мұғалім оқушыларға теріс қарап, тақтада бормен жазып, суреттер іліп және көрсетілетін материалдарын алмастырып тұрмай-ақ сабағын жалғастыра алады. Сабаққа күні бұрын дайындалған ақпарат қажет кезінде эстетикалық пішінде, күні бұрын ойластырылған қарқында және көлемде көрсетіледі. Сабақта үнемделген уақытты беретін ақпарат көлемін арттыруға немесе артық жаттығу жасауға пайдалануға болады.

Мұғалім АКТ-ты қолданып сабаққа дайындалу барысында сабақтың жоспарын мақсатты негіз етіп құрастыруы қажет. Оқу материалдарын сұрыптауда ол жүйелілік пен бірізділік, қол жетімділік ұстанымының

негіздерін сақтауы тиіс. Сонымен бірге, компьютер мұғалімді ауыстыра алмайды, тек оны толықтыра алады.

АКТ-ні қолданған сабақтың әзірлемесі келесі кезеңдерден тұрады:

1. *Тұжырымдамалық.* Бұл кезеңде макроталдау ұстанымы бойынша білімді қалыптастыру, бекіту, жалпылау немесе жетілдіру; дағдыларды қалыптастыру; меңгеруді бақылау және тағы сол сияқты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған дидактикалық мақсат анықталады.

Сабақтың педагогикалық міндеттеріне сүйене отырып білім беру үдерісінде АКТ-ны немесе Интернет ресурстарын қолданудың қажеттілігі дәлелденеді. АКТ-ны пайдаланудың негізгі мақсаттары: бірегей ақпараттық материалдарды (бейнефрагменттер, үлгілер, кестелер, сұлба және т.с.с.) мультимедиа түрінде ұсыну; зерделейтін құбылыстар, үрдістер және объектілердің арасындағы өзара байланыстарды визуализациялау; ақпараттық-ізденіс қызметінің дағдысы мен білікті қалыптастыру; интерактивтік күйде зерттеу мақсатында зерделейтін объектілер, құбылыстар мен үдерістер моделімен жұмыс істеу қажеттілігі; ақпараттың қосымша қайнар көзі ретінде АКТ-ны пайдалану.

2. *Технологиялық.* Білім беретін электрондық ресурстарға дидактикалық мақсаттары мен әдістемелік міндеттері бойынша қойылатын талаптар негізде білім беретін электрондық ресурстарға сұрыптау және көпфакторлы талдау жүргізіледі. Сабақтың түрін таңдай отырып, негізгі құрылымдық элементтері айқындалады.

Бұл кезеңде электрондық ресурстардың толық талдауы (түзету немесе жаңғырту) жүргізіледі, ілеспе құжаттар зерделенеді, осы ресурсты пайдалануының тиімділігі болжамдалады, сабақты жүргізу әдістемесі анықталады және оқу үдерісіндегі ресурстармен жасалатын жұмыстың негізгі түрлері жобаланады.

3. *Лездемелік.* Бұл кезеңде АКТ құралдарына жүктеуге болатын функцияларды бөлшектеу жүзеге асырылады, бір жағынан оны іске асыру жолдары және екіншіден электрондық ресурстар мен оқытылатын тәсілдерін таңдау; сабақтың кезеңдерін жоспарлау жүзеге асады.

Әр бір кезең үшін мақсат; кезеңнің ұзақтығы; оқушының қызметін ұйымдастыру түрі; оқытушының міндеті және оның осы кезеңдегі негізгі қызметінің түрлері; аралық бақылау түрлері және т.с.с. анықталады.

Сабақты АКТ-мен ұйымдастыруда сыныптың дайындық деңгейі, сабақтың әдістемелік мақсаты, сабақтың түрі, оқу іс-әрекетінің жаңа түріне оқушының дайындығы, гигиеналық талаптар сияқты факторлар ескерілу қажет.

Білім берудегі АКТ қолданудың пайдалылығының критерийін осы немесе басқа да компьютер технологиясы нәтижеге қол жеткізерлік болса тиімді есептеледі деп тұжырымдауға болады.

*Мұғалім қызметінде компьютерді:*

- оқу ақпаратының көзі (мұғалім мен кітапты жартылай немесе толығымен ауыстыратын);

- көрнекті құрал (телекоммуникация мен мультимедиа мүмкіндігі бар сапалы);

- жеке-дара ақпараттық кеңістік;

- тренажер;

- диагностика және бақылау құралы ретінде қолдануға болады.

Компьютерлік технологияда мұғалімнің қызметі келесі функциялардан тұрады.

1. Оқу үдерісін сынып деңгейінде, пән аясында тұтасымен ұйымдастыру (оқу үдерісінің кестесі, сыртқы диагностика, қорытынды бақылау).

2. Жұмыс орындарының орналастырылуы мен үйлестірілуін және сыныпшілік белсенділікті ұйымдастыру, сыныпшілік желіні басқару, нұсқау беру.

3. Оқушыны жеке бақылау, жеке көмек көрсету, әр баламен «адами» байланыс орнату. Компьютердің көмегімен көзбен шолу мен акустика арқылы жеке-дара оқытудың мінсіз нұсқаларына қол жеткізуге болады.

4. Ақпараттық ортаның құрамдастарын дайындау (ДК-мен үйлесетін оқу-көрнекі құралдардың түрлері, бағдарламалық құралдар мен жүйелер), олардың белгілі оқу курсының пәндік мазмұнымен байланысы.

АКТ-ны сабақтың барлық кезеңінде оның мақсаттарына сәйкес қолдануға болады.

**№1-кезең.** Ұйымдастыру (2 минуттан аспайтын)

Мақсаты: табысты жұмысқа балаларды ұйымдастыру. АКТ құралдарымен жұмыс істеудің негізгі түрі: слайдтар көрсету.

**№2-кезең.** Үй тапсырмасын тексеру. Өткен тақырыпты қайталау.

Мақсаты: алдыңғы алған білімді бекіту. Ол білімнің өзектілігі, білмейтінді анықтау болуы мүмкін. АКТ-мен жұмыстың негізгі түрі: демонстрация, презентация қорғау (10 минутқа дейін).

**№3-кезең.** Жаңа білімді меңгеру кезеңі.

Мақсаты: қабылдау, түсіну және білімді алғашқы есте сақталуын қамтамасыз ету (15-20 мин). АКТ-мен жұмыстың негізгі түрі: презентация, әңгімелесу, ғаламторға шығу (қосымша ақпаратты алу), кесте құрастыру.

**№4-кезең.** Оқыған материалды түсінгенін тексеру (3-5 мин)

Мақсаты: алған білімнің меңгеру деңгейін тексеру. АКТ-мен жұмыстың негізгі түрі: презентация көрсету, сұрақтарға жауаптар беру.

**№5-кезең.** Алынған білімді бекіту (10-15 мин).

Мақсаты: алынған білімді бекіту, оларды қолдануға дағдыландыру. АКТ-мен жұмыстың негізгі түрі: тестілеу.

**№6-кезең.** қорытындылау, үй тапсырмасы туралы ақпарат.

Мақсаты: қорытынды, үй тапсырмасымен танысу.

*Интерактивті технологияны* пайдаланудың негізгі әдісі қолданушының бағдарламалық жүйемен әсерлесуінен тұратын интерактивтік диалог болып табылады. Бағдарламалық жүйенің мүмкін мәтіндік командамен алмасу (сұраныс) және жауаптар бар (шақыру) диалогтан айырмашылығы – диалог жүргізудің анағұрлым дамыған құралдарын іске асыру мен негізгі сөздерді



қолданып сұрақтарды еркін қоюмен сипатталады. Бұл ретте оқу материалының мазмұны мен жұмыс режимінің нұсқаларын таңдаудың мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Интерактивтік технологияны пайдалануда оқушы оқу үдерісінің толық құқықты қатысушысы болып табылады, яғни оның тәжірибесі оқу танымының негізгі көзі болады. Педагог (жүргізуші) даяр білім бермейді, бірақ өз бетінше ізденуге түрткі болады. Интербелсенді оқытуда дәстүрлі үйретумен салыстырғанда педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасы өзгереді: педагог белсенділігі оқушы белсенділігіне ауысады, ал педагогтің міндеті олардың бастамасы үшін жағдай жасауда болады. Педагог оқу ақпаратын өзінен өткізетін бірқилы сүзгі рөлінен бас тартып, жұмыста көмекшінің функциясын орындайды.

Қазіргі уақытта кейбір пәндерді *компьютерлік технологияларды* пайдаланып оқыту әдістеріне көңіл бөлінеді. Оқу үдерісінде мұндай технологияларды пайдалану олардың дара ерекшеліктерін ескере оқытатын дифференциалдық амалды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Компьютерлік технологиялар құралдары педагог пен оқушы арасындағы диалогтық тәртіпте қарым-қатынасты орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай қарым-қатынас ақпарат алмасуды жеңілдетеді. Дәстүрлі тәсіл мен *компьютерлік технологияларды* пайдаланып оқыту әдістерінің үйлесімі оқу процесі сапасының жоғарылауына мүмкіндік береді және өздік жұмысты дамытуға ынталандырады.

Интерактивті және компьютерлік технологиялары пайдалану кезінде:

- әртүрлі салада интерактивті ақпараттық қосымшалар жобалауға және әзірлеуге;
- педагогикалық бағыттағы компьютерлік міндеттерді жабдықтаушысы болуға және ақпараттық қосымшаларды кәсіби қолданушылар ұжымын басқаруға;
- ақпараттық қосымшаларды пайдалану және жетілдіруге;
- кәсіби қызметте компьютерлік технологияларды қолдануға мүмкіндік береді.

Білім беруді ақпараттандыру үдерісі – ойлаудың көрнекі-іс-әрекетін, көрнекі-бейнелі, теориялық түрін дамыту үшін; шығармашылық, интеллектуалдық әлеуетін, коммуникативтік іс-әрекеттеріне қабілеттіліктерін дамыту үшін; барлық деңгейдегі оқу-тәрбие үдерісін қарқындету, оның тиімділігі мен сапасын жоғарылату үшін мультимедиа және интерактивтік техникаларды пайдалану мүмкіндіктерін қолдануды болжамдайтын басты бағыттардың бірі. Компьютер осы үдерісте орталық фигура болып табылады. Сонымен бірге, оқытуды жаңа деңгейге көтеретін қосымша құрал болады. Осының бәріне оқыту үдерісіне компьютерлерді, сонымен қатар мультимедиа және интерактивті техникаларды енгізу жағдай жасайды, мысалы, мультимедиалық проекторлар, интерактивті тақталар.

Мектептегі білімді дамытудың басым жобаларына сәйкес интерактивті тақталар, мультимедиа проекторлары пайда бола бастады. Заманауи мектептерде сабақта АКТ-лар өте кеңінен қолданылуда. Сонымен бірге оқу

үдерісінде ең жоғарғы техникалық құрал болып саналатын компьютерді дұрыс пайдалану оқу үдерісін жаңа жағдайда жүзеге асыруға мүмкіндік береді де, мұғалімнің жеке өзі ақпарат көзі болуы тоқтайды. Бұл жағдайда мұғалімге жаңа қазіргі техникалық құрал – интерактивті тақталар сеп болады, ол, яғни, бормен және маркермен жазатын тақтаны ауыстырады.

Қазіргі уақытта көптеген педагогикалық инновациялар оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. Интерактивті оқыту – бәрінен бұрын оқушылар мен оқытушылардың өзара байланысын іске асыратын диалогтік үйрету болып табылады. Әдетте оқытушы ретінде мұғалімді елестетеміз. Бірақ, қазіргі уақытта мұғалімнің тамаша көмекшілері болатын интерактивті күйде жұмыс істейтін компьютер және ақпараттандырудың басқа құралдары бар.

Оқытудың интерактивтік үлгісі білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының арасында тұрақты, белсенді өзара қарым-қатынас шартындағы оқыту үдерісі деп түсінеміз, яғни, оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқықты субъектілері болып табылады.

Біз интерактивті оқытуды педагогикалық технология ретінде, көп деңгейлі және түрлі аспектілі қатынас ретінде қарастырамыз. Бәрінен бұрын бұл адамдардың қарым-қатынасы: мұғалім мен оқушы, оқушылар арасындағы қарым-қатынас. Бірақ, интерактивтілік түсінігі осымен шектелмейді: оқушы мен оқу материалының ара-қатынасын толық қамтамасыз ету маңызды. Көбінесе оқытудың интерактивті үлгісін компьютермен байланыстырады, онсыз «нағыз интерактивтілікке» қол жетпейді деп есептелген. Бірақ, бұл пікір қате, себебі, диалогтік технологиялар (оқытудың ұжымдық тәсілдері, ойындар, шеберлік, талас-дебат және т.б.) заманауи компьютерлік сыныптар болмаған кезеңде де тамаша нәтиже берген.

Сонымен, жұмысы қолданушымен тұрақты диалогке негізделген компьютер интерактивтік технологияны қолдауға бейім, әрі тиімді құрал болып табылатынын түсінеміз.

Қазіргі уақытта оқыту үдерісінде Интернет интерактивті орта ретінде белсенді қолданылады және маңызды құзырлылықты қалыптастыратын маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Сонымен, мектептерді компьютерлік техникамен жабдықтау және Интернетке қосу білім берудегі интерактивті технологиялардың дамуына түрткі болды.

Компьютердің негізінде жүзеге асырылатын интерактивті технологиялар бүгінгі күні әр түрлі бағытта дамиды. Оның бірі бастапқыдан-ақ интерактивтік идея және қолданушымен белсенді диалогта болуға бейімділік негізінде заманауи құралдарды қолдану болып табылады. Білім беру үдерісінде интерактивті құралды пайдаланудың ерекшелігін қарастырамыз.

Бүгінгі күні интерактивті техникалардың саны өте көп. Әрине, интерактивті құрылғылардың (сонымен бірге жабдықтың түрлері де) бірнеше технологиялары ұсынылған. Көбінесе, бұлар – интерактивті тақталар, интерактивті қосымшалар және интерактивті проекторлар [6].

Осы үш түрі де презентация жүргізу және видеомағлұматтың көрсетуі кезінде компьютермен тұрақты өзара қарым-қатынас жасау сияқты міндетті шешеді. Бұл - олардың негізгі ұқсастығы.

## 2 ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ДЕРБЕС ЖӘНЕ ПОРТАТИВТІК КОМПЬЮТЕРЛЕРДІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Net Support School бағдарламасы – мұғалімге оқушыларға нұсқаулар беріп, оқушылармен топтық және жеке формада интерактивті қарым-қатынас жасап, визуалды және дыбысты мониторинг жасауға мүмкіндік беретін білім беру үдерісін ұйымдастыру үшін өз саласындағы алдыңғы қатарлы шешім болып табылады (1-сурет).




1-сурет. Net Support School бағдарламасының интерфейсі

Net Support School бағдарламасы қазіргі заман оқу үдерісінің барлық талаптарына сәйкес, ол сабақтың мазмұнын жеткізуге және бір мезгілде әр оқушының ДК-да жұмысын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның нәтижесінде оқушы сабақта бірлескен жұмысқа қатысады, сабақ барысында тек бір пәнге ғана шоғырланады. Бағдарламада ешқандай жасырын қосымша опциялар жоқ, барлық стандартты функционал, сондай-ақ локальді тесттік қоржын, сандық көмекші оқу жабдықтары, сабақтың жоспарлауының құралдары, консоль ерекшеленген басқару және үлгерімге оқушыларды мадақтау жүйесі берілген. Net Support School бағдарламасы кез келген Windows операциялық жүйесі бар компьютерге лайықталған және сымсыз, сымды желілерде кедергісіз жұмыс істейді. Мектептерде жаңа компьютерлік технологиялары кеңінен қолданылады. Терминал серверімен, виртуалды ДК-мен, сонымен бірге виртуалды клиенттердің орталарымен Net Support School айқын жұмыс істейді.

*Сыныпты басқару* келесі әрекеттерді қамтиды (2-сурет):

- Мұғалімнің ДК-нен сыныптың барлық компьютерлерін қосу/өшіру.
- Барлық ДК-ді дистанционды өшіру.
- Сабақтың басында оқушылардың ДК-не мұғалімнің ДК-інен «тіркеу» командасын жіберу.

- Мұғалім оқушылардың назарын басқаға аудару үшін өз ДК-інен экрандарды өшіру.
- Оқушының тышқаны мен пернетақтасын оқшалау.
- Мұғалім оқушылардың сыныпта орналасуын пердеде көру мүмкіндігін қолдану.
- Әр мұғалім талап еткен функцияларды қамтамасыз ету үшін мұғалімдердің жеке профильдерін пайдалану.
- Жеке оқушыларға үлгерімді және жақсы тәртіпті ынталандыру үшін «электрондық жүлделер» беру.
- “Көмек сұрау” опциясына тышқанды бір шерткен кезде мұғалімге техникалық қолдау көрсету.



2-сурет. Сыныпты басқару интерфейсі

*Принтерді басқару:*

- болдырмау;
- бет саны бойынша принтерді қолдануға шектеу қою;
- шығару алдында мұғалімнен рұқсат сұрау;
- принтерлерді қосу, өшіру және түрлендіруді болдырмау;
- қазіргі уақытта қай оқушы басуға жібергенін көрсету.


*Құрылғыларды басқару:*

- Деректерді USB-сақтау құрылғыларынан көшіруді болдырмау;
- Деректерді CDR/DVD-құрылғылары көшіруді болдырмау.
- Желіге жаңа қосуларды болдырмау.

*NetSupportSchool оқушыларды тіркеу міндетін ұсынады (3-сурет) :*

- сабақтың басында әр оқушыдан стандартты және шектелген ақпарат сұрайды.
- бір іс-әрекет арқылы бірнеше ДК-ге файлды таратады.

- Оқушы белгісіне апарғанда оқушының іс-әрекеттер табелі» көрсетіледі.
- Жеке оқушылардың және топтардың белгілерін өздігінен жасау мүмкіндігі бар.




3-сурет. Оқушыларды тіркеу интерфейсі

*Оқушының ақпараттық таспасы (4-сурет).*

Net Support School бағдарламасында әр оқушының ДК-нің экраны үстінде қолайлы орналастырылған оқушының ақпараттық таспасы болады.

Ол келесі күйлерде жұмыс істеуі мүмкін: әрқашан көрілетін, жасырын немесе автоматты күйде жасырын.

Ақпараттық таспа мұғалімге ағымдағы мәселелер бойынша оқушымен байланыс жасауға, сабақтың уақытын қадағалауға, жұмысқа қажетті сайттар мен ұосымшаларды көруге, чаттың мәртебесін қадағалауға, тез арада көмек сұрауға мүмкіндік береді. Ақпараттық таспаны мұғалім толығымен баптайды.




4-сурет. Оқушының ақпараттық таспасы интерфейсі

*Файлдарды тарату және жинау (5-сурет).*

Файлдар мен папкаларды мұғалімнің ДК-нен оқушылардың компьютерлеріне тарату.

- бір іс-әрекет арқылы көрсетілген ДК-лерге файлдары тарату және қабылдау;
- бір іс-әрекет арқылы бірнеше ДК-ге файлдарды таратады.
- әр оқушының бекітілген деректерімен файлдарын үлестіріп, автоматты түрде жинайды.




5-сурет Файлдарды тарату және жинау интерфейсі

*Нақты уақытта (көрсету күйін) нұсқау (6-сурет).*

- Таңдалған оқушыларға мұғалімнің экранын көрсету.
- Таңдалған оқушыларға оқушының таңдалған экранын көрсету.
- Таңдалған оқушыларға таңдалған қосымшаны көрсету.
- Жаңа - Video Editor бейне редакторы (алдын-ала экрандық жазбалар) қайта жаңғыртудың файлдарын редакциялауға және оларды кәдімгі бейне форматқа көшуіне рұқсат беру.
- Бейне файлдарды нақты оқушыға көрсету.
- Сымсыз желі үшін презентацияларды оңтайландыру.
- Одан әрі қарап шығу үшін оқушылардың ДК-не сіздің презентацияныңызды сақтау.
- Тақырыпты көрсету кезінде оқушылармен ауызша қарым-қатынас жасау.
- Оқушының экранын көрсету (демонстрациялық тәртіп).

– Маңызды комбинацияларды көрсету. Кілттік комбинацияларды қолдану кезінде экранда визуалды хабарлама көрсету (Мысалы, басу үшін CTRL+P )



6-сурет. Нақты уақытта нұсқау көрсету интерфейсі

*Сурет салу үшін экранның маркері және құрылғысы.*

NetSupportSchool бағдарламасы көркем презентация әзірлеу кезінде бейнелермен жұмыс істеуге көмек көрсететін стандартты құрал-саймандар жинағын ұсынады: әртүрлі астын сызулар, нұсқаулар, пішіндер, мәтіндік маркерлер және т.б.

*Виртуалды тақта.*

Сыныпта жақсы бірлескен жұмыс істеу үшін және сурет салу үшін көптеген құралдармен қамтамасыз етілген Тьюторға кіріктірілген толық бетті ақ тақта.

*Интернетте бірлескен жұмыс.*

Мұғалімге таңдалған веб-сайттарды ашуға рұқсат береді және әрбір оқушы ДК-нің браузерімен үйлестіруге мүмкіндік береді . Мұғалім сайтты қараған кезде, оқушылар көріп отырады.

*Топтардың көшбасшылары.*

Тағдалған оқушы мұғалімнің анықталған құқықтарына ие болады және ол топтың көшбасшысы ретінде бола алады. Енді опция көшбасшылардың визуалды орналасуын қамтиды және олардың топтарында оқушыларды үлестіреді.

*Мұғалімнің құрал-жабдықтар жинағы.*

Мұғалімнің қосымшасы шектеулі күйде болған жағдайда бағдарламаның маңызды функцияларына лезде қол жеткізу үшін құрал-жабдықтар жинағын



қолдана алады . Құрал-жабдықтар жинағы интерактивті тақтамен жұмыс істеу үшін бапталған.


*Оқушылардың экрандарын қарау (бақылау күйі) (6-сурет).*

– Бір экранда барлық сыныпты бақылау.

– Оқушылардың ДК-лерін алдын ала орнатылған топтар бойынша сканерлеу.

– Белсенді қосымшаны немесе немесе белсенді веб-сайтты қоса қосымша ақпаратты көрсету.

– Жоғары шешімде жұмысты оңтайландыру үшін бейненің өлшемдерін өзгерту.



7-сурет. Оқушылардың экрандарын қарау интерфейсі

*Лездік хабарлама қызметін бақылау.*

Нақты уақытта лездік хабарлама қызметінің қосымшаларын басқару және бақылау мұғалімге чаттың мазмұны мен белсенділігін көрсетеді.

*Нақты уақытта пернетақтаны бақылау (қазіргі уақытта бұл функция орыс нұсқасында жоқ)*

Бұл компонент мұғалімге оқушының белсенділігін нақты уақытта бақылауға және тақырыпты қалайша жақсы түсінгенін бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оқушының материалды түсінгенін анықтау үшін мақсаттық кілттік сіздермен қамтамасыз етеді және пернетақтаны қолданудың толық тарихын көрсетеді.

*Интернетке қатынауды басқару және бақылау.*

– Барлық оқушылардың интернетті пайдалануды бақылау.

– Барлық ДК-де ашылған веб-сайттарды көру.

– Бір әрекетпен таңдалған барлық ДК-де веб-сайттарды ашалады және жабалады.


– Сыныптың Интернетті пайдаланудың толық тарихын жазады.

– Кез-келген немесе шектелген веб-сайттарға қатынауды болдырмайды.

– Бекітілген веб-сайттарға кіруге рұқсат береді.

Нақты уақытта жазбаларды бақылау және тілдік зертхана құралдары (7-сурет).

- Оқушылардың жазбаларын тыңдау
- Оқушылардың микрофондарын тыңдау.
- Сыныпта аудионы бақылау.
- Екі жақты аудио чат.
- Аудионы Файлға жазу.



8-сурет. Нақты уақытта жазбаларды бақылау және тілдік зертхана құралдары интерфейсі

*Аудио.*

Сыныпқа жазбаны тарату немесе презентация кезінде мұғалімнің дауысын тарату. Аудионы қолдау опцияның барлығына қосылған – экранды көрсету, дистанционды басқару және чат-сессия.

*Оқушыларды сұрастыру.*

Оқушылар Сабақтың мазмұнын түсінгенін анықтау үшін шұғыл сұрастыру өткізу.

- Дайындалған немесе анықталған жауаптарды қолданып сұрастыру жүргізу.

- Сынып үшін бағдар беретін және жауаптарға қарау.
- Оқушылардың жауаптарына негізделетін топтарды құру.
- Барлық оқушылар үшін сұрастыру нәтижесін жариялау.

*Тестілеу және оқушыларды сұрастыру.*

Мәтін, сурет, аудио және видео қосып минималды шарттарымен тестер мен емтихандарды әзірлеңіздер.

- Бірігіп қолдануға болатын ресурстар мен сұрақтар кітапханасын жасау.
- жасалған кітапханадан сұрақтарды қолданып бірнеше тест әзірлеу.

– Сұрақтардың 8 түрлі стильдерінің кез-келгенін пайдалануға мүмкіндік береді.

– 2-4 жауаптары бар сұрақтар құрыңыз.

– Емтихан үдемелерінің деңгейлерін орнатыңыз (75% көп - А).

– Оқушының үдерісін қадағаланыңыз және сұрақтарға жауаптың дұрыс/дұрыс емесін қараңыз.

– Тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде бағалау, яғни тест нәтижелері тест аяқтала сала дайын болады.

– Әрбір оқушыға тестің нәтижелерін көрсету.

– Сыныпқа (дұрыс жауаптарды белгілеп) нәтижелерді көрсету.

– жүйеге дизайнер тестін ортану.

### **3 ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІК ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Интерактивті тақта – бүгінгі күні әртүрлі пәндер мұғалімдері белсенді меңгеріп келе жатқан мектептегі бірден-бір заманауи оқыту құралы. Ол оқушыларға өте қызықты және қолдануда қолайлы болып табылады. Онымен жұмыс жасау технологиясын меңгеру қиынға соқпайды. Интерактивті тақта, оның қайда және қандай мақсатта қолданылғанына қарамастан, деректерді визуалды ұсынудың қуатты құралы болып табылады. Оған көптеген түрлі жоспарлы ақпараттарды орналастыруға болады, кәдімгі тақтаға қарағанда тығыздығы әлдеқайда жоғары болады [5-8].

Оқытушы арнаулы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы авторлық сабақтар жасай алады. Интерактивті тақтаны пайдаланып өткізілген сабақ дайындық барысында электрондық түрде материалды қалыптастыру бойынша маңызды қосымша жұмысты қарастырады. Оны пайдаланатын сабақтар әзірлеу - көп еңбекті қажет ететін үдеріс. Дегенмен ол өте жемісті болады. Сабақта интерактивті тақтаны пайдалану арқылы мәселелі жағдай жасауға және виртуалды тапсырмалар мен кішігірім-зерттеуді орындай келе, оны шешуге мүмкіндік береді. Оқытудың тиімділігі сабақ мерзімін, көрнекілік пен бір бөлігін ұтымды пайдалану есебінен қамтамасыз етіліп, басқа сабақтың келесі кезеңіне шапшаң өтуге мүмкіндік береді.

Оқытушының интерактивті тақталар мен оның негізгі мүмкіндіктерін игеруі үшін арнаулы бағдарламаны меңгеруін қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, интерактивті тақтамен жұмыс істеуге қандай ресурстар көмек көрсететінін анықтау маңызды. Интерактивті тақтаны аудиокұралмен қатар пайдалану көрнекілік және материалды сипаттаудың қолжетімділігі мен жүйелілік ұстанымын іске асыруға мүмкіндік береді.

Интерактивтік тақталармен жұмыс істеудің келесі негізгі артықшылықтарын ерекшелеуге болады:

- оқытушыға әр түрлі ресурстармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік бере отырып, материалдың берілуін күшейтеді;
- сыныпта өзара әрекет және талқылау үшін мүмкіндікті артық береді;
- ресурстарды әр түрлі және динамикалық пайдалану арқылы оқытушылар мен оқушылар үшін сабақты қызықты да, тартымды етеді;
- уәждемені дамытады.

Интерактивті тақта бірқатар әдістемелік міндеттерді шешуге жағдай жасайды:

1. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру. Балалар АТ-ны қолдану арқылы өткізілетін сабақтарды ұнатады, өйткені мұндай сабақтар өте қызықты болып келеді. АТ-мен жұмыс істеу арқылы үлгерімі төмен оқушылардың оқуға дағен ынтасы жоғарлайды, бұл мұғалімдер үшін үлкен жеңілдік. Яғни, бұл ерекше құндылық болып табылады.

2. Оқу материалын игеруді жеңілдету. АТ мұғалімге видеоларды, интерактивті сызбаларды, суреттерді, карталар мен фотосуреттерді қолдануға

мүмкіндік береді. Мұғалімге аса маңызды көмек ретінде бағдарламалық педагогикалық құрал болып табылады. Оған оқулық мәтіні, көрнекі материалдар, фотосуреттер, бейнекөріністер, интерактивті сызбалар мен тапсырмалар, анимациялар, ғалымдар өмірбаяны мен терминологиялық сөздік кіреді.

3. Сабақты шапшаңдатады. АТ қолдану арқылы өткізілетін сабақ алдын ала дайындалу керек, бұл мұғалім сабақ уақытын жоспарлай алады деген сөз. Осындай жағдайда материалды түсіндіруге аз уақыт кетеді.

4. Келесі сабақ үшін материалдарды сақтау. Бір рет құрылған сабақтар бірнеше рет қолданылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда мұғалім өзгерістерді енгізуі мүмкін, соңында бір рет тиянақты құрылған сабақ дайындықтың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

5. Сабаққа келмей қалған оқушыларға материал беру. Сабақ барысында орындалған іс- әрекеттерді АТ-да сақтауға болады. Сабаққа келмеген оқушылар тек материалмен танысып қана қоймай, сонымен қатар түсіндірмелер бойынша тақтада сақталған аралық қорытындылармен таныса алады.

Сабақта қалай интерактивті тақтамен жұмыс істеу керек.

Мұғалім жұмысының бірнеше бағыттарын қарастырайық:

1. *Сабақты дайындау.* Интерактивті тақтаны қолдану арқылы сабақты әзірлеген кезде, ақпаратты іріктеудің белгілі бір критерияларын қолдану қажет:

а. Ақпараттың мазмұны мен көлемі оқушы мүмкіндіктеріне сәйкес келуі керек.

б. Көрнекі материалдарды таңдау кезінде алдағы жоспар мен ұсақ бөлшектерден сақ болу керек. Көрнекіліктер мен мәтін бір-бірімен сәйкес, логикалық бірізділікте болуы керек.

г. Үлкен мәтіндік көріністерден аулақ болу керек.

д. Таңбаларды қою және курсив сызбаларын қолдана отырып, мәтіндегі аса маңызды бөлімдерді ерекшелеу.

АТ-лар бір уақытта түрлі материалдарды қолдануға мүмкіндік береді (аудио, бейне, сурет, мәтін және т.б.).

Бағдарламалық қамтамасыз етуді, әдеттегідей, тақтаға дербес үй компьютері арқылы қолдануға болады. Бұл өте ыңғайлы болып келеді, өйткені үй жағдайында сабаққа дайындалуға мүмкіндік береді.

2. *Жұмысты ұйымдастыру.* Әр адам ақпаратты әртүрлі қабылдайды: біреуі есту бойынша – аудиалдар, визуалдар бейнелерді жақсы естеріне сақтайды, кинестетиктер өз қолдарымен жұмыс істеу арқылы жақсы естеріне сақтайды. Сыныпта балалар әртүрлі болғандықтан, ақпаратты да түрліше қабылдайды. «Маған айт – мен ұмытып кетемін. Маған көрсет – мен есіме сақтаймын. Мені қатыстыр – мен түсінемін», - деп айтылған қытай Мақалында. Қазіргі таңдағы ғылыми зерттеулер мұны сандар арқылы дәлелдеп отыр. Егер материал дыбыстық түрде берілсе, адам ақпараттың 1/4-н есіне сақтайды, ал материал визуалды түрде берілсе, онда – 1/3-н есіне сақтайды. Көру және есту қабылдауларын ұластыру арқылы есте сақтау 1/2-ге дейін артады, ал егер адам

белсенді әрекеттерге қатысса, ақпараттың 75%-ы игеріледі. АТ барлықтарына оқу үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

3. *Сабақты құру.* Сабақты құрған кезде мұғалім АТ-ы қалай қолданатынын өзі таңдайды:

а. Сабаққа арналған оқу бейнефильмдері немесе бейнекөріністері, анимациялар, аудиожазулары мен мұғалім түсіндірмелері бар слайд-шоу презентацияларын көрсету (әр баланың жасына байланысты көру уақытын белгілейтін санитарлық нормалардың барын естерімізден шығармауымыз керек).

б. Тапсырмаларды шешу, интерактивті тапсырмаларды орындау, диаграммаларды, сызбаларды құру, интерактивті зерттеулерді өткізуге бағытталған тәжірибелік жұмыс.

в. Зертханалық жұмыстарды өткізу. Зертханалық жұмысты өткізуге әрдайым мүмкіндік бола бермейді (жиі техникалық себептер бойынша), сонда көмекке АТ келеді.

г. Білімді тексеру. АТ оқушылардың білімдерін түрліше тексеруге мүмкіндік береді: 5-7-сынып оқушыларының білімдерін өзектілеуді ойын түрде (сөзжұмбақ, ребустар түрінде) өткізуге жақсы, осындай тәсіл балаларды жұмысқа жұмылдырады, сыныптың барлық оқушыларын оқу үдерісіне қатыстырады. АТ -да үстіне жауаптары бар сөзжұмбақтарды салуға және жауаптарын жабуға болады: жауаптарын табу мүмкіндігі бойынша сөздерді ашуға болады. Ребустарды да шешуге оңай: әр суреттің астына пайда болған сөзді немесе буынды жазып, содан кейін алған нәтижені оқу керек. Көбінесе бағдарламалық педагогикалық құралдар негізгі тақырыптар бойынша интерактивті тесттерді қамтиды. Осындай тесттер жеке және топтық жұмысты қарастыруы мүмкін. Сыныпта барлық оқушылардың үлгерімі әртүрлі болғандықтан, үй тапсырмасын тексерген кезде сараланған тәсілді қолданған жөн. Осындай тәсілдің мысалы ретінде интерактивті суреттермен жұмыс жасауға болады. Озық бала үшін «демонстрация, бәрін жасыру» режимін қолдануға болады, осы жағдайда интерактивті суреттің белгілі бір бөліктеріне жарық түседі; үлгерімі төмен оқушылар үшін «тесттік» күйі қолданылады, осы жағдайда оқушы түсіп қалған тізімнен қажетті атауды таңдауға мүмкіндік алады.

Дербес компьютермен бірге интерактивті тақта бізге нені береді?

Бұл интерактив, мультимедиа, моделинг, байланыс және оқыту үдерісінің жаңа орындау деңгейі.

Интерактив – ағылшынның "өзара әрекет" деген сөзі. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым–қатынасқа негізделе отырып, "жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын" қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Мультимедиа - бұл объектілер мен үдерістерді дәстүрлі түрде емес мәтінмен сипаттау, фотосуреттер, бейне, графика, анимациялар, дыбыс, арқылы (multi - көп, media - орта, тәсіл, құрал).

Коммуникативтік дағдылар - білім беру үдерісі қатысушыларының тікелей қарым-қатынасы, осындай диалог жылдамдығын, үдеріс жағдайын қадағалау. Коммуникативтіліктің басқа тарабы – білім беру үдерісінің қатысушысына ақпаратты жылдам беру.

Модельдеу – нақты объектілерді немесе үдерістерді, құбылыстарды имитациялық тұрғыдан модельдеу, сонымен қатар компьютер арқылы пайдаланушының шынайы әлеммен қатынасын имитациялау, яғни мінез-құлық тренингі, адам әрекетін модельдеу.

Модельдеу, сондай-ақ, тиісті электрондық білім беру ресурстары болған жағдайда интерактивті тақта көмегімен жүзеге асырылады және бұл жағдайда тақтаның мүмкіндігі ДК-дің көмегімен моделдеумен жұмыс істеу үдерісін бір адамның меншігі емес, модельмен жеке немесе ұжымдық қарым-қатынас жасауға, оның жұмысын және нәтижесін талқылауға мүмкіндік беріп оқушылар тобына бұл үдерісті ашады.

